

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 8 сәуірдегі № 266-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат) :

1) 69-баптың алтыншы бөлігіндегі «күрес» деген сөз алып тасталып, «қылмыс» деген сөз «қылмыс, сондай-ақ террористік қылмыс» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 75-баптың төртінші бөлігіндегі «қылмыс» деген сөзден кейін «, сондай-ақ террористік қылмыс» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат) :

1) 289-баптың бірінші бөлігінің 11) тармақшасы «тану туралы» деген сөздерден кейін «, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 36-2-тараудың тақырыбы «тану туралы» деген сөздерден кейін «, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 3 1 7 - 6 - б а п т а :

бірінші бөлік «экстремистік ұйым деп тану туралы» деген сөздерден кейін «, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік «террористік ұйым деп тану туралы» деген сөздерден кейін «, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 3 1 7 - 7 - б а п т а :

бірінші бөлік «жүзеге асыру фактісін» деген сөздерден кейін «не оның өз атауын өзгерту фактісін» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік «тану туралы» деген сөздерден кейін «, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 317-8-бап «тану туралы» деген сөздерден кейін «, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы» деген сөздермен толықтырылсын.

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар):

1) 344-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы «және ақтауға бағытталған» деген

сөздерден кейін «, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық амалдары мен тактикасын ашатын» деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 362-1-баппен толықтырылсын:
«362-1-бап. Терроризмге қарсы операциялар жүргізу аймағында құқықтық режимнің бұзылуы

Құқықтық режимді бұзу немесе терроризмге қарсы операциялардың жариялануына байланысты белгіленген талаптарды:

1) келудің және кетудің ерекше режимі;
2) жергілікті жерлердің жекелеген учаскелерінде және объектілерде жеке тұлғалардың болуына тыйым салу, сондай-ақ көлік құралдарын сүйреп әкетуге кедергі жасау;

3) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге, жеке тексеріп қарауға және жеке адамның заттарын тексеріп қарауға, көлік құралдарын тексеріп қарауға кедергі жасау;

4) байланысты пайдаланудың айрықша ережелері;

5) егер кешеуілдеу адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіруі мүмкін болса, жедел медициналық жәрдемді қажет ететін адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу, терроризм актісі жасалған жерге бару үшін, сондай-ақ терроризм актісін жасады деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу және оларды ұстау үшін көлік құралдарын алып қоюға кедергі жасау;

6) қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата тұру;

7) терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген аумақ шегінде тұратын жеке тұлғаларды уақытша көшіруге кедергі жасау;

8) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы, ветеринариялық іс-шараларды және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

9) жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе иелігіндегі және пайдалануындағы тұрғын үйлер мен өзге де үй-жайларға және оларға жеке меншік құқығымен немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелеріне кіруге кедергі жасау;

10) қару-жарақ, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, күшті әсер ететін химиялық және улы заттар саудасын шектеу немесе оған тыйым салу, дәрілік, есірткілік, психотроптық заттар мен прекурсорлар, этил спирті мен алкогольдік өнімдер айналымының айрықша режимін орнату бөлігінде орындамау,

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі

мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата отырып, екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 541-баптың бірінші бөлігі «362,» деген цифрлардан кейін «362-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

4) 620-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:
«2-1) терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі бұзылған немесе терроризмге қарсы операцияның жариялануына байланысты белгіленген талаптар орындалмаған кезде - терроризмге қарсы операцияға белгіленген құзыреті шегінде қатысатын лауазымды адамдар;»;

5) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:
екінші абзац «362,» деген цифрлардан кейін «362-1,» деген цифрлармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

қырық алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Республикалық ұланның (388-бап), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (362-1, 388-
б а п т а р) ;

қырық жетінші абзац «356-2,» деген цифрлардан кейін «362-1,» деген цифрлармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

4. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат):

53-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацындағы «қарсы күрес» деген сөздер «қарсы іс-қимыл» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат):

33-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы «террористік актілер» деген сөздер «терроризм актілері» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министірлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «адам құрамымен», «адам құрамының», «адам құрамына», «адам құрамын» деген сөздер тиісінше «жеке құрамымен», «жеке құрамының», «жеке құрамына», «жеке құрамын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың бірінші бөлігінде:
бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«- қоғамдық тәртіпті сақтауда, қоғамдық тәртіптің жаппай және топтасып бұзылуына тыйым салуда, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдайдың құқықтық режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуде ішкі істер органдарымен бірлесіп қатысу, террористік операция жүргізуге қатысу, төтенше жағдайлардың (дүлей зілзалалардың, ірі авариялар мен апаттардың) зардаптарын жоюға қатысу;»;

сегізінші абзацтағы «террорлық актілерді» деген сөздер «терроризм актілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 21-баптың он үшінші абзацындағы «жүргізу жүктеледі» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

«терроризмге қарсы операцияны жүргізуге және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу жүктеледі.»;

4) 22-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) терроризмге қарсы операцияға және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу кезінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану.»;

5) 28-баптың бірінші бөлігінде:

«құқықтық режимін қамтамасыз ету мен» деген сөздер «құқықтық режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету, терроризмге қарсы операцияға қатысу және» деген сөздермен ауыстырылсын;

«террорлық актілерді» деген сөздер «терроризм актілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 39-баптың үшінші бөлігіндегі «адам құрамын» деген сөздер «жеке құрамды» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 10, 242-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 17-18, 220-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; 2000 ж., № 20, 380-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат):

6-баптың а) тармақшасындағы «зорлық-зомбылық» деген сөздер «терроризм актісі» деген сөздермен ауыстырылсын.

8. «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 19, 118-құжат; № 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184, 190-құжаттар; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 13-14, 144-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат):

1) 1-1-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша терроризмге қарсы операция жүргізген кезде Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы оралымды штабты басқаруды жүзеге асырады.»;

2) 2-баптың бесінші абзацындағы «терроризмге қарсы күресті» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың бірінші бөлігінде:

2) тармақша «ұсыныстар» деген сөзден кейін «және (немесе) нұсқамалар» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) жеке және заңды тұлғаларды тексеруді және оларды күзетілетін адамдар мен объектілерді күзету және оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмысқа жіберуді жүзеге асыру ;

2-2) терроризмге қарсы операцияға қатысу және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шараларды және уақытша шектеулерді қолдану ; » ;

13) тармақша «әскери бөлімшелерінің» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 12-баптың үшінші бөлігінде:

«, сондай-ақ оларды қолдану ережелерін» деген сөздер алып тасталсын; орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

5) 18-баптың екінші бөлігінің бесінші абзацы «азаматтар» деген сөзден кейін «құқық бұзған немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 24-баптағы «атқарылуын» деген сөз «қолданылуын» деген сөзбен ауыстырылсын

9. «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы» 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., № 11-12, 174-құжат; № 24, 436-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 1, 2-құжат; № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат):

1) 10-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы операцияларға қатысу, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялардың құқықтық режимін қамтамасыз ету;»;

2) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:
«4-1) терроризмге қарсы операцияға қатысу және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қ о л д а н у ; » .

10. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат):

2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

9) тармақшадағы «терроризм актілерінің жолын кесуге,» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

13) тармақшадағы «жасау болып табылады.» деген сөздер «жасау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану құқығына ие бола отырып, терроризмге қарсы операция жүргізуге және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу болып табылады.».

11. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат):

1) 11-баптағы «террорлық актілерді» деген сөздер «терроризм актілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) терроризмге қарсы операцияға қатысу және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шараларды және уақытша шектеулерді қ о л д а н у ; » .

12. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 4, 102-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 6, 41-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 128-құжаттар; 2010 ж., № 3-4, 11-құжат):

14-бап мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

«18) арнайы мақсаттағы бөлімшелердің қызметкерлері, терроризмге қарсы операцияны жүргізуге, терроризм актісін анықтауға, оның алдын алуға, жолын кесуге және ашуға қатысатын және (немесе) жәрдемдесетін адамдар туралы және аталған адамдардың отбасы мүшелері туралы мәліметтер.».

13. «Терроризмге қарсы күрес туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы»;

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

1) «Осы Заң терроризмге қарсы іс-қимылдың, терроризм профилактикасының, терроризмнің зардаптарын барынша азайтудың және (немесе) жоюдың негізгі принциптерін, мақсаттарын, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты адам мен азаматтың міндеттері мен құқықтарын, оларды сақтау кепілдіктерін белгілейді.»;

3) мәтін бойынша «террористік акцияларды», «террористік акцияларға», «террористік акциялардың», «террористік акция», «террористік акцияны», «террористік акцияның», «террористік акциядан» деген сөздер тиісінше «терроризм актілерін», «терроризм актілеріне», «терроризм актілерінің», «терроризм актісі», «терроризм актісін», «терроризм актісінің», «терроризм актісінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 және 2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы мақсаттағы бөлімшелер - терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін құрылған мамандар топтары;

2) кепілге алынған адам - кепілге алынған және (немесе) ұсталған адамды босату шарты ретінде мемлекеттік органды, жергілікті өзін-өзі басқару органын немесе халықаралық ұйымды қандай да бір іс-қимыл жасауға немесе қандай да бір іс-қимыл жасаудан тартынуға мәжбүр ету мақсатында кепілге алынған және (немесе) ұсталған ж е к е а д а м ;

3) терроризм - қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің және халықаралық

ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында не мемлекет не қоғам қайраткерлерінің қызметін тоқтату немесе осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты құқыққа қарсы қылмыстық жазаға тартылатын әрекет немесе оны жасаймын деп қорқыту;

4) терроризм актісі - жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер ондай іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ адам өміріне дәл сол мақсаттарда қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау;

5) терроризмді (террористік қызметті) қаржыландыру - террористік қызметті жүзеге асыру үшін террористерге және (немесе) террористік ұйымдарға ақша және (немесе) өзге мүлік беру немесе жинау не қаржылай қызмет көрсету;

6) терроризмге қарсы операция - адам күшін, қызметтік иттерді, әскери және өзге де техниканы, қарулар мен арнаулы құралдарды пайдалана отырып, терроризм актісінің алдын алу, жолын кесу, террористерді, жарылғыш құрылғыларды зиянсыздандыру, жеке адамдар мен ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ терроризм актісінің зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі арнайы іс-шаралар кешені. Тізбесі «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзету іс-шаралары да терроризмге қарсы операцияларға ж а т а д ы ;

7) терроризмге қарсы операциялар жүргізу аймағы - терроризмге қарсы операцияның басшысы анықтаған, аталған операция жүргізілетін шектегі жердің немесе акваторияның жекелеген учаскелері, әуе кеңістігі, көлік құралы, құрылғы, ғимарат, үй-жай және оларға жапсарлас аумақ;

8) терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі - терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмыс істеуінің айрықша режимі, онда терроризмге қарсы операция жүргізу кезеңінде азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеудің жекелеген шараларын б е л г і л е у г е ж о л б е р і л е д і ;

9) терроризмге қарсы іс-қимыл - терроризмді анықтау, оның алдын алу, жолын кесу , оны ашу және тергеу, терроризмнің зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою;

10) терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын

және терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) терроризм профилактикасы - терроризмнің алдын алуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі;

12) террорист - террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға қатысушы адам;

13) террористік топ - террористік іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатында біріккен екі және одан да көп адамдардан құралған топ;

14) террористік тұрғыдан осал объектілер - тізбесін терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін объектілер;

15) террористік іс-әрекет - террористік қылмыстарды жасауға бағытталған және төменде аталған әрекеттердің кез келгенін:

терроризм актілерін ұйымдастыруды, жоспарлауды, дайындауды, қаржыландыруды және іске асыруды;

терроризм актісін жасауға айдап салуды; терроризм актісін іске асыру үшін заңсыз әскерилендірілген құралымдар, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйымдар) құруды, сондай-ақ осындай құрылымға қатысуды;

террористерді тартуды, қаруландыруды, үйретуді және пайдалануды; терроризм актісін жоспарлауда, дайындауда немесе іске асыруда ақпараттық тұрғыдан немесе өзге де жәрдемдесуді;

терроризм идеясын насихаттауды, террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға шақыратын не осындай іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздейтін немесе ақтайтын материалдар мен ақпаратты таратуды қамтитын іс-қимыл;

16) террористік ұйым - террористік іс-әрекетті жүзеге асыратын не өзінің іс-әрекетінде терроризмді пайдалану мүмкіндіктерін мойындайтын, оған қатысты террористік ұйым деп тану туралы сот шешімі қабылданған және күшіне енген ұйым;

17) халықаралық террористік іс-әрекет: террорист немесе террористік ұйым біреуден көп мемлекеттің аумағында жүзеге асыратын немесе біреуден көп мемлекет мүдделеріне зиян келтіретін; бір мемлекеттің азаматтары басқа мемлекеттің азаматтарына қатысты немесе басқа мемлекеттің аумағында жүзеге асыратын;

террорист те және терроризмнің құрбаны да бір мемлекеттің немесе әртүрлі мемлекеттердің азаматтары болып табылған, бірақ қылмыс осы мемлекеттердің аумағынан тыс жерлерде жасалған жағдайда жүзеге асырылатын террористік іс-әрекет.

2-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан

Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.»;

5) 3 - б а п т а :

тақырыбындағы «Терроризмге қарсы күрестің» деген сөздер «Терроризмге қарсы іс-қимылдың» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «терроризмге қарсы күрес» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимыл мынадай негізгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы «террористік акциялар» деген сөздер «террористік қылмыстар жасау» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) терроризмге қарсы іс-қимыл шараларының террористік қауіп дәрежесіне м ө л ш е р л е с б о л у ы ; » ;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) профилактикалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық шараларды кешенді п а й д а л а н у ; » ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «терроризмге қарсы күрес» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимыл» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) террористік іс-әрекетті анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, терроризм профилактикасы, терроризм зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою;»;

6) 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Терроризмге қарсы іс-қимылды ұйымдастырудың негіздері»;

7) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылдың жалпы мемлекеттік жүйесі

1. Мемлекет террористердің қол сұғушылығынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету с у б ъ е к т і с і б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Президенті:

1) терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі б а ғы т т а р ы н а й қ ы н д а й д ы ;

2) терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік о р г а н д ы а й қ ы н д а й д ы ;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың

қызметін, оның ішінде терроризмге қарсы оқу-жаттығулар өткізу кезіндегі қызметін қажетті күштермен, құралдармен және ресурстармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады ;

2) терроризмнің алдын алу, терроризмнің зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі шараларды әзірлеуді және жүзеге асыруды ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды ;

4) Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды .

4. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган :

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдардың терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін үйлестіреді және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қауіпсіздік жүйесін күшейту және террористік қауіп-қатерлерді бейтараптандыруға дайындық жөніндегі шаралар кешенін іске асыруын бақылауды жүзеге асырады;

3) өкілеттіктері шегінде терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді ;

4) Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді және оның іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне терроризмге қарсы іс-қимыл жөнінде қабылданатын шаралар туралы жыл сайынғы баяндаманы ұсынады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметін террористік қауіп-қатерлер туралы ағымдық хабардар етуді жүзеге асырады;

б) террористік тұрғыдан осал объектілердің басшыларын террористік қауіп-қатерлердің сипаты мен ерекшелігі туралы хабардар ету, терроризмге қарсы іс-қимыл және терроризмге қарсы қорғаныс жөнінде ұсынымдар әзірлеу, практикалық оқу-жаттығулар өткізу мен өзге де шараларды іске асыру арқылы олардың терроризмге қарсы қорғаныс деңгейін арттыруға жәрдемдеседі;

7) террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғанысының жай-күйін және олардың басшыларының осы Заңның 10-бабының 3-тармағында көзделген талаптарды орындауын бақылайды ;

8) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады .

5. Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асырушы мемлекеттік органдар мыналар болып табылады :

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
- 3) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;
- 4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
- 5) Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органы.

6. Терроризмді анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, терроризмнің профилактикасы, терроризмнің зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметке өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары қатысады.»;

8) 5-баптың тақырыбындағы және бірінші абзацындағы «терроризмге қарсы тікелей күресті» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) б - б а п т а :

тақырыбындағы «терроризмге қарсы тікелей күресті» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

«терроризмге қарсы тікелей күресті» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

«терроризмге қарсы күрес саласында» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимыл саласында» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «өтініші» деген сөз «сұратуы» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының құзыреті»;

11) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының құзыреті

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңдарымен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі және тергейді, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялар жүргізуге, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысады.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған террористік қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі және тергейді, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялар жүргізуге, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің, «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы»

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзетілуге жататын өзге де күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі терроризмге қарсы операцияны жүргізу кезінде әуе, су және құрлық кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қ а т ы с а д ы .

5. Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органы терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асырады.»;

1 2) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының терроризмге қарсы іс-қимылдағы құзыреті»;

«Мемлекеттік органдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

«, ұйымдастырушылық, тәрбиелік» деген сөздер алып тасталсын;

«террористік сипаттағы қылмыстардың» деген сөздер «террористік қылмыстардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«терроризмге қарсы күреске» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 9 және 10-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жәрдемдесудің міндеттілігі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының лауазымды адамдары терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге және қажетті көмек көрсетуге міндетті.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі туралы мәліметтерді терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға дереу хабарлауға міндетті.

3. Дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актілері туралы ақпаратты мемлекеттік органдарға беру азаматтық борышты орындау болып бағаланады. Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпарат үшін терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган сыйақы белгілейді және төлейді.

10-бап. Террористік іс-әрекеттің алдын алу

1. Қазақстан Республикасының аумағында:

1) терроризмді насихаттауға;

2) террористік ұйымдардың, сондай-ақ заңсыз әскерилендірілген құралымдардың құрылуына, тіркелуіне және жұмыс істеуіне тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының террористік

іс-әрекетке қатысқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салуға құқығы бар.

3. Террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары террористік іс-әрекеттің алдын алу мақсатында мынадай:

1) өткізу режимін қажетті дәрежеде ұстау, объектілерді қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарақтандыру;

2) персоналды үй-жайларды тексеру техникасына үйрету, жарылғыш құрылғылар орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша жалпы профилактикалық және оқыту іс-шараларын өткізу;

3) жасалған терроризм актісі салдарынан туындаған табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлерді жою жоспарлары мен пысықталған іс-қимылдардың болуы;

4) объектінің ақпараттық желісін қорғауды ұйымдастыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарының орындалуы үшін іс-шараларды іске асыруға міндетті.

Терроризм актісі жасалған жағдайда террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары мен қызметкерлері терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды жасалған терроризм актісі мен оның зардаптары туралы дереу хабардар етуге және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті.»;

1 4) 1 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

«терроризмге қарсы күресті тікелей» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

«заңдарға» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 - т а р м а қ т а :

«меншік нысандарына қарамастан» деген сөздер алып тасталсын;
«терроризмге қарсы күресті тікелей» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 12 және 13-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«12-бап. Терроризм актісінің жолын кесу

1. Терроризм актісінің жолын кесу, террористерді, жарылғыш заттарды зиянсыздандыру, жеке адамдар мен ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою мақсатында терроризмге қарсы операция жүргізіледі.

2. Адамдардың өмірі мен денсаулығын, материалдық құндылықтарды және объектілерді сақтау, сондай-ақ күш қолданбастан терроризм актісінің жолын кесу мүмкіндіктерін зерделеу мақсатында террористермен келіссөз жүргізуге жол беріледі. Келіссөз жүргізу оралымды штаб басшысы осыған арнайы уәкілдік берген адамға тапсырылады .

3. Егер террористің (террористердің) терроризм актісін тоқтатуға келіспеуі себепті

онымен (олармен) келіссөздер мақсатына қол жеткізілмесе және адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп-қатер төніп тұрса, терроризмге қарсы операцияның басшысы террористі (террористерді) жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Күзетілетін адамға немесе объектіге айқын қауіп-қатер төнгені анықталған немесе ондай қауіп-қатерді өзге заңды құралдармен жою мүмкін болмаған жағдайда террорист (террористер) терроризмге қарсы операция басшысының өкімімен келіссөз жүргізілмей және ескерту жасалмай жойылуы мүмкін.

5. Мемлекеттік органдардың терроризмге қарсы операцияға қатысушы бөлімшелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адам күшін, қызметтік иттерді, әскери және өзге де техниканы, қару мен арнаулы құралдарды қолданады.

13-бап. Оралымды штабтар

1. Терроризмге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында республикалық және облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық тұрақты жұмыс істейтін оралымды штабтар құрылады.

2. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның басшысы республикалық оралымды штабтың басшысы болып табылады.

Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің басшысы облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық оралымды штабтың басшысы болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзетілуге жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған терроризмге қарсы операция жүргізу кезінде оралымды штабтың басшысы болып табылады.

4. Республикалық оралымды штабтың құрамына терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы операциялар жүргізуге қажетті көмек көрсете алатын өзге де мемлекеттік органдардың басшылары кіреді.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық оралымды штабтың құрамына терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы операция жүргізуге қажетті көмек көрсете алатын өзге де мемлекеттік органдардың басшылары кіреді.»;

16) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

«13-1-бап. Терроризмге қарсы операцияға басшылық жасау

1. Терроризм актісінің қоғамға қауіп төндіру ауқымы мен дәрежесіне, оның күтілетін келеңсіз салдарына қарай терроризмге қарсы операцияға басшылықты республикалық немесе облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық

оралымды штабтың басшысы жүзеге асырады.

2. Оралымды штабтың басшысы терроризмге қарсы операция басталғаннан бастап ол аяқталғанға дейін операция басшысы және оны жүргізуге тартылатын барлық әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметкерлері мен мамандарының бастығы болады. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес оралымды штабтың басшысы терроризмге қарсы операцияға қатысуға тартылатын шет мемлекеттердің арнайы мақсаттағы бөлімшелері мамандарының бастығы болады.

3. Оралымды штабтың басшысы:

1) терроризмге қарсы операцияның жүргізілу аймағының шекарасын, басталу және аяқталу уақытын айқындайды, берілген күштер мен құралдардың қолданылу бағыттары мен шегі туралы шешім қабылдайды;

2) бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамның өкілдерімен байланыста болуға жауапты болатын оралымды штабтың өкілін айқындайды;

3) терроризмге қарсы операцияны жүргізу туралы шешім қабылдайды және әскери өкім (әскери бұйрық) шығарады.

4. Республикалық оралымды штабтың басшысы:

1) терроризм актісінің жасалғандығы туралы немесе оның дайындалып жатқандығы туралы расталған ақпарат алған кезде Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесін, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын және Қазақстан Республикасының Үкіметін дереу хабардар етеді;

2) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерін терроризм актісінің жолын кесуге тарту мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді.

5. Атқаратын қызметіне қарамастан басқа лауазымды адамның терроризмге қарсы операцияның оралымды басшылығына заңсыз араласуына жол берілмейді.»;

17) 14 және 15-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Терроризмге қарсы операцияларды жүргізуге тартылатын күштер мен құралдар

1. Терроризмге қарсы операцияларды жүргізу үшін оралымды штабтарға терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қажетті күштері мен құралдары беріледі.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес, қажет болған жағдайларда терроризмге қарсы операцияға қатысу үшін шет мемлекеттердің арнайы мақсаттағы бөлімшелері тартылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері осы Заңға және «Қазақстан

Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша терроризмге қарсы операцияларды жүргізуге қатысу үшін тартылады.

15-бап. Терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақтағы құқықтық режим

1. Оралымды штаб басшысының шешімі бойынша терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақта оны жүргізу кезеңіне терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілуі мүмкін.

2. Терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақта құқықтық режимді енгізу туралы шешім (осындай режим енгізілген арнайы аймақты және қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер тізбесін қоса алғанда) және терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақтағы құқықтық режимді тоқтату туралы шешім бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дереу хабарлануға тиіс.»;

18) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:
«15-1-бап. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу кезеңінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер

1. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағында терроризмге қарсы операцияға қатысушы тұлғалардың:

1) адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге, олар болмаған жағдайда - жеке басын анықтау үшін оларды ұстап, ішкі істер органдарына немесе басқа мемлекеттік органдарға жеткізуді жүзеге асыруға;

2) жеке қарап тексеруге және жеке адамның заттарын қарап тексеруге, көлік құралдарын, оның ішінде техникалық құралдарды пайдалана отырып куәгерлердің қатысуынсыз қарап тексеруге;

3) құқық бұзушылықты немесе терроризмге қарсы операцияға қатысушы адамдардың заңды талаптарына кедергі келтіруге бағытталған өзге де әрекетті жасаған немесе жасайтын, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағына рұқсатсыз енген немесе еруге әрекет жасауға байланысты әрекеті үшін адамдарды ұстауға және ішкі істер органдарына жеткізуге;

4) жеке адамдарды жергілікті жердің жекелеген учаскелерінен және объектілерден кетіруге, көлік құралдарының, оның ішінде дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің көлік құралдарының жол жүрісін, оларды сүйреп әкетуді қоса алғанда, шектеуге немесе тыйым салуға;

5) радиоэфир мониторингін жүргізу, телефонмен сөйлесуді және телкоммуникациялық жүйелер арналары арқылы берілетін өзге де ақпаратты бақылау үшін, сондай-ақ электрлі байланыс арналары мен почта жөнелтілімдерінде іздестіруді жүзеге асыру үшін арнайы байланыс құралдарын қоса алғанда, байланыс құралдарын қызметтік мақсатта пайдалануға;

б) егер кешеуілдеу адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіруі

мүмкін болса, жедел медициналық жәрдемді қажет ететін адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу, терроризм актісі жасалған жерге бару үшін, сондай-ақ терроризм актісін жасады деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу және оларды ұстау үшін көлік құралдарын (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің көлік құралдарынан басқа) меншік иелеріне материалдық зиян келтірілген жағдайда оны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ө т е й о т ы р ы п , п а й д а л а н у ғ а ;

7) адам күшін, қызметтік иттерді, әскери және өзге де техниканы, қаруды және арнаулы құралдарды террористерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ескертулерсіз және шектеулерсіз қолдануға;

8) егер кешеуілдеу адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп туғызатын болса, жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе иелігіндегі және пайдалануындағы тұрғын үйлер мен өзге де үй-жайларға және оларға жеке меншік құқығымен немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелеріне кедергісіз к і р у ғ е қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Оралымды штаб басшысы не ол уәкілеттік берген адам азаматтардың тұрғын үйіне кірген жағдайлар туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарлайды.

2. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағында оралымды штаб басшысының шешімі бойынша мынадай уақытша шектеулер қолданылуы мүмкін:

1) қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата тұру;

2) жеке және (немесе) заңды тұлғаларға байланыс қызметін көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) байланыс желісі мен құралдарын қолдануды шектеу;

3) қоғамдық тәртіптің, мемлекеттік күзетке жататын объектілердің, халықтың тұрмыс-тіршілігін және көліктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің, сондай-ақ ерекше материалдық, тарихи, ғылыми, көркем немесе мәдени құндылығы бар объектілердің күзетілуін күшейту;

4) терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақта тұратын жеке адамдарды у а қ ы т ш а к ө ш і р у ;

5) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы, ветеринариялық іс-шараларды және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

6) қарумен, оқ-дәрілермен, жарылғыш заттармен, күшті әсер ететін химиялық және улы заттармен сауданы шектеу немесе оған тыйым салу, дәрілік, есірткілік, психотроптық заттар мен прекурсорлар, этил спирті мен алкогольді өнімдер айналымының айрықша режимін орнату.

3. Терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақта осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген шаралардың бүкіл кешені мен уақытша шектеулер сияқты жекелеген шаралар мен уақытша шектеулер де белгіленуі (енгізілуі) мүмкін.

4. Терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің болуына және олардың дыбыс жазуды, фото және бейнетүсіруді жүзеге

асыруына оралымды штаб басшысының рұқсатымен ғана жол беріледі.

5. Терроризмге қарсы операция жүргізуге қатысушы адамдардың операция басталған кезден бастап ол аяқталған кезге дейінгі іс-қимылы қажетті қорғаныс жағдайында немесе аса қажетті жағдайда жасалатын іс-қимыл деп есептеледі.»;

1 9) 1 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«18-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылға қатысушы адамдарды қорғау»;

«терроризмге қарсы тікелей күресті», «терроризмге қарсы күресте» деген сөздер тиісінше «терроризмге қарсы іс-қимылды», «терроризмге қарсы іс-қимылда» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 19-баптағы «терроризмге қарсы күреске» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«21 -бап. Ұйымдардың террористік іс-әрекет үшін жауаптылығы

1. Заңда белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша ұйым террористік деп танылады және ол жойылуға (оның қызметі - тыйым салынуға) жатады.

2. Террористік деп танылған ұйымды жою кезінде оған тиесілі мүлік тәркіленіп, мемлекет кірісіне алынады.

3. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тіркелген шетелдік немесе халықаралық ұйымды (оның бөлімшесін, филиалын, өкілдігін) сот террористік деп таныған жағдайда, осы ұйымның (оның бөлімшесінің, филиалының, өкілдігінің) Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметіне тыйым салынады және ол (оның бөлімшесі, филиалы, өкілдігі) жойылады, ал Қазақстан Республикасы аумағындағы оған (оның бөлімшесіне, филиалына, өкілдігіне) тиесілі мүлік тәркіленіп, мемлекет кірісіне алынады.

4. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган сот террористік деп таныған ұйымдардың, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдардың бірыңғай тізімін жүргізеді. Көрсетілген тізім Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ресми мерзімді басылымдарда жариялануға жатады.»;

22) 7-тараудың тақырыбындағы «терроризмге қарсы тікелей күресті» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 22-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «терроризмге қарсы тікелей күресті» деген сөздер «терроризмге қарсы іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«8-тарау. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыру заңдылығын бақылау мен қадағалау»;

25) 23 және 24-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«23-бап. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын бақылау

Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын бақылауды терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

24-бап. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің заңдылығын жоғары дәрежеде қадағалау

Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде заңдардың дәл және бірізді қолданылуын жоғары дәрежеде қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.»

14. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат):

1) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:
«26) терроризм профилактикасына, сондай-ақ облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағындағы терроризм зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатысады.»;

2) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:
«23) терроризм профилактикасына, сондай-ақ аудан, облыстық маңызы бар қала аумағындағы терроризм зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатысады
»

15. «Төтенше жағдай туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 18-құжат; 2006 ж., № 2, 14-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат):

4-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы «террористік актілер» деген сөздер «терроризм актілері» деген сөздермен ауыстырылсын.

16. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6 - 7 , 27 - құжат) :

1-баптың 5) тармақшасындағы, 31-баптың 1-тармағындағы «диверсиялық немесе террорлық актілерден» деген сөздер «диверсиялық актілерден немесе терроризм актілерінен» деген сөздермен ауыстырылсын.

17. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат):
12 - б а п т ы ң 4 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақша «тану туралы» деген сөздерден кейін «, соның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы «күрес» деген сөз «іс-қимыл» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев